

**«6D020900 – Шығыстану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Рұстемова Ақтолқының
Молданқызының «Қазақстан мен Жапонияның жоғары білім беру саласындағы серіктестігі: қазіргі үрдістері мен болашағы»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің**

СЫН-ПІКІРІ

| Р/Н № | Критерийлер | Критерийлер сәйкестігі | Ресми рецензенттің ұстанымы |
|-------|---|---|--|
| 1. | Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылыминың даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларга сәйкес болуы | <p>1.1 Ғылыминың даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларга сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атавы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атавы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жаңындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p> | <p>Докторанттың диссертациялық жұмысының тақырыбы Қазақстан Республикасының білім мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының бағытына сәйкес келеді және жоғары білім беру саласындағы серіктестіктің қазіргі жағдайы мен басты мәселелерін зерттеу, жоғары білім беру жүйесі мен халықаралық ынта мақтастырылған дамыту мәселелерін қамтиды.</p> <p>Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жаңындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының келесі басым бағытына сәйкес орындалған: 7) «Білім мен ғылым саласындағы зерттеулер»;</p> |
| 2. | Ғылымға маңыздылығы | Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған. | Диссертациялық жұмыс ғылымға елеулі үлес қосады, оның маңыздылығы жақсы ашылған. Зерттеу тақырыбының маңыздылығы айқын. Себебі, Жапония мен Қазақстан Республикасы арасында жузеге асырылып келе жатқан дипломатиялық және саяси байланыстардың жүйелі жұмысы нәтижесінде орнықкан ғылым мен жоғары білім саласында атқарылып келе жатқан мәселелерге зерттеушілер назарын аударады. Жоғары білім беру жүйесінің интернационалдану мәселесін саралай отырып, докторант екі ел арасында орнықкан жоғары білім саласындағы серіктестіктің жузеге асырылуы жөнінде көнінен талдаған. |
| 3. | Өзі жазу принципі | Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; | Диссертанттың диссертациялық жұмысты өзі жазу деңгейі жоғары. Ғылыми нәтижелерге қол жеткізу мақсатында ізденуші зерттеу |

| | | | |
|----|----------------------|--|--|
| | | 2) орташа; 3) төмен; 4) езі жазбаған | объектісіне сәйкес материалдарды жинап, жүйелеп, ғылыми талдау жасаған. Сонымен қатар, осыған дейін ғылыми айналымда сараланбаған статистикалық деректердің негізінде талдау жасап, ғылыми негіздерді сактай отырып заманауи талаптарға сай <u>сұхбат жүргізген</u> . |
| 4. | Ішкі бірлік принципі | 4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген</u> ; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген. | <p>Диссертацияның өзектілігі қазіргі уақыттағы білім мен ғылымның жаһандану үдерісі аясында Қазақстан мен Жапонияның жоғары білім беру саласындағы серіктестігі мәселесі осыған дейін зерттеушілер тарарапынан жүйелі қарастырылмағандығымен айқындалады.</p> <p>Адами рестурстарды дамыту, бәсекелестікке қабілетті мамандарды дайындау мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік дамуының бірден-бір кепілі. Сондықтан, жаһандану және интернационалдану үдерістері үлкен қарқынмен өрістеп келе жатқан қазіргі таңда, Қазақстан Республикасының өзге мемлекеттермен жоғары білім беру саласындағы байланыстарының қалыптасуы мен дамуы өзекті мәселелердің бірі. Оның ішінде Жапония сияқты экономикалық даму деңгейі жоғары мемлекеттермен жоғары білім беру саласындағы серіктестігі толық қанды зерттелмеген көкейкесті мәселе болып табылады.</p> <p>Отандық зерттеушілер тарарапынан Қазақстанның көршілес Қытай, Ресей, Туркия, кейбір Еуропа мемлекеттерімен жоғары білім беру саласындағы байланысы қарастырылғанмен, Жапониямен жоғары білім беру саласындағы қарым-қатынастары зерттелмеген. Бұл осы тақырыпта жазылған алғашқы ғылыми зерттеу жұмыс болып саналады. Сол себепті, А.М. Рұстемованың «Қазақстан мен Жапонияның жоғары білім беру саласындағы серіктестігі: қазіргі үрдістері мен болашағы» атты диссертациялық зерттеуінің өзектілігі ешқандай да күмән тудырмайды.</p> <p>Докторант А. Рұстемованың диссертациялық зерттеу жұмысының басты нысаны, Қазақстан Республикасының өзінің тәуелсіздігін алғаннан кейін жоғары білім беру саласында жүргізілген реформаларының негізінде, жоғары білім беру жүйесінің интернационалдану және осы үдерісте Азиялық алпауыт мемлекеттердің бірі – Жапонияның алатын рөлін анықтап, маңызын ашуға және оның ұтымды тұстарын айқындауға негізделген.</p> <p>Зерттеу жұмысында жүйеленіп берілген ресми құжаттар мен ғылыми зерттеулердің көптеп пайдаланылуы және Қазақстан мен Жапония арасындағы жоғары білім беру саласында серіктестіктің мүмкіндіктері</p> |

| | | |
|--|---|--|
| | | мен болашағы туралы ғылыми ой білдірген зерттеушілердің пікірлері негізінде алынған тың ақпараттар тақырыптың өзектілігі мен жаңашылдығын одан әрі арттыра түседі. |
| | 4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындауды 1) <u>айқындауды;</u> 2) жартылай айқындауды; 3) айқындаамайды | Диссертацияның мазмұны оның тақырыбын толық ашады. Диссертацияның құрылымы қысқартылған сөздерден және анықтамалар тізімінен, кіріспеден, уш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. |
| | 4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді;</u> 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді | <p>Бұл зерттеудің мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді, атап айтқанда, зерттеудің мақсаты: жоғары білім беру саласындағы тәуелсіз Қазақстанның халықаралық серіктестігін талдау, әсіресе, Жапониямен осы саладағы қарым-қатынасына назар аудара отырып, қазіргі жағдайы мен басты мәселелерін анықтау.</p> <p>Осы мақсатқа жету үшін қойылған міндеттер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Жоғары білім беру жүйесінің интернационалдану үдерісі туралы теорияларды талдау, оның түрлері мен негізгі толқындарын айқындау. - Шет елдердің жоғары білім беру саласындағы серіктестікті жүзеге асырудағы, жоғары білім беру жүйесін интернационалдаудағы мақсаттарын анықтау. Оның астарындағы әлеуметтік және экономикалық факторларын саралау. - Тәуелсіз Қазақстанның жоғары білім беру жүйесін интернационалдау саясатын зерделеу, басты ерекшеліктерін/ұстанымдарын анықтау. - Жапонияның жоғары білім беру жүйесінің интернационалдану үдерісінің сипаты мен ерекшеліктерін анықтап, жүзеге асырған негізгі жобаларына талдау жасау. - Қазақстан мен Жапонияның жоғары білім беру саласындағы серіктестігінің ерекшеліктерін, даму деңгейі мен проблемаларын талдау. - Қазақстан мен Жапонияның жоғар оку орындары арасындағы студенттердің академиялық ұтқырлығының үрдісі мен басты мәселелерін, себептерін анықтау, даму келешегіне болжам жасау. |
| | 4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан;</u> 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ | Докторлық диссертация ғылыми жұмыстың біртұтас жүйесін құрайды. Бөлімдер өзара байланысқан, ішкі бірлікке ие және дәйекті зерттеу көздерін қолдану арқылы, нәтижелерге толыққанды талдау жасалынған. |
| | 4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан | Диссертант ұсынған жаңа шешімдер тың статистикалық деректер мен эмпирикалық зерттеулер нәтижесінде дәлелденіп, нақты түжірымдар мен |

| | | | |
|----|----------------------------|--|---|
| | | белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар</u> ; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген | ұсыныстар келтіріліп, Қазақстанның Ресей, Қытай сияқты көршілес жатқан өзге елдермен жоғары білім беру саласындағы серіктестігі мәселелері сынни тұрғыдан талданған. |
| 5. | Ғылыми жаңашылдық принципі | 5.1 Ғылыми нәтижелер мен қагидаттар жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | <p>Ізденуші зерттеу жұмысының алдына қойылған мақсат пен міндеттерді жүзеге асыру барысында келесі жаңа нәтижелерге қол жеткізген:</p> <p>1. Қазақстан мен Жапонияның жоғары білім беру саласындағы серіктестігі алғаш рет диссертациялық деңгейде, ғылыми негізде зерттеліп, интернационалдану үдерісі тұрғысынан сарапланған. Екі елдегі интернационалдану үдерісінің ұқсастықтары мен айырмашылықтары осы үдеріске негіз болған мемлекеттік зандар мен бағадарламаларға сүйене отырып, айқындалған және талдау жасалынған. Бұл жартылай ғылыми жаңалық бола алады.</p> <p>2. Қазақстанда білім және мәдениет саласында жұмыс атқарып жатқан жапондық ұйымдардың қызметтері алғаш рет ғылыми тұрғыдан талданып, баяндалған. Жалпы Қазақстанның жоғары білім беру жүйесінің интернационалдануында Жапонияның алатын үлесі анықталған. Бұл толық ғылыми жаңалық болып саналады.</p> <p>3. Тәуелсіздік алған кезден бастап қазіргі кезеңге дейінгі қазақстандық және жапондық жоғары оқу орындарымен серіктестік бойынша атқарылған істер талданып, студенттердің академиялық үтқырылық динамикасы алғаш рет ғылыми айналымға енгізіліп отыр, бұл жұмыстың толық ғылыми жаңалығы болып есептеледі.</p> <p>4. Қазақстандық және жапондық жоғары оқу орындарының серіктестік орнатудағы мақсаттары айқындалып, қазіргі жағдайы мен басты мәселелері талданған. Жасалынған тұжырымдар жоғары білім беру саласындағы мамандармен, елшілік қызметкерімен альнған сұхбат негізінде қосымша негізделген. Бұл ғылыми нәтижелердің толығымен жаңа екендігінің айғағы десек болады.</p> <p>5. Екі ел арасындағы жоғары білім беру саласындағы серіктестікті одан әрі дамытуға кедергі жасайтын және ықпал ететін факторлардың практикалық тұрғыдан алғаш анықталуы толық ғылыми жаңалық бола</p> |

| | | |
|--|--|--|
| | | <p>алады;</p> <p>6. Жоғары білім беру саласындағы Қазақстан мен Жапонияның серіктестігінің даму келешегі мол бағыттар анықталған және болашағына болжам жасалынған.</p> <p>7. Сарапшылармен жүргізілген сұхбат негізінде жоғары білім беру саласындағы серіктестікі дамыту жолдарына қатысты нақты ұсыныстар алғаш рет жасалынған, бұл да жұмыстың толық жаңалығы болып табылады.</p> |
| | <p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа;</u></p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p> | <p>Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Жалпы Қазақстанның жоғары білім беру жүйесінің интернационалдану үдерісі өзге зерттеушілер тарарапынан зерттелгенімен, кезеңдерге бөлініп, топтасырылмаған. Оған қоса, жапондық жоғары оку орындарымен серіктестік орнатудағы мақсаттары осыған дейін отандық және шетелдік ізденушілер тарарапынан қарастырылмаған. Бұл осы тақырыпта жазылып отырған алғашқы ғылыми зерттеу жұмысы.</p> <p>Жапонияның жоғары білім беру жүйесінің интернационалдануын жүзеге асырған түрлі жобаларды және олардың ерекшеліктерін қарастырған ізденушінің еңбегінің нәтижесі, жұмыстың жартылай жаңалығы бола алады.</p> <p>Сонымен қатар, жапондық мамандар мен студенттерді еліміздің оку орындарына тарту әдістері осыған дейін көтерілмеген, тың тақырып. Проблеманың нақты шешу жолдарын ұсыну барысында, ізденуші жапондық мәдени және өзге де ерекшеліктерді ескере отырып ұсынған. Бұл әдістер өзге елдерден келетін шетелдік студенттердің санын көбейтуге үлгі болуы мүмкін.</p> <p>Бұған қоса, Қазақстан мен Жапонияның жоғары білім беру саласындағы байланыстар тек бір бағытта және санаулы университеттердің қатысуымен, ал қалған жағдайларда жеке оқытушы-профессорлардың ізденісінің арқасында жүргізіліп отырғаны алғаш рет дәлелденіп, ғылыми тұжырым ретіндеге ұсынылып отыр. Қазақстан мен Жапония арасында академиялық ұтқырлық бойынша студенттер мен оқытушылардың алмасуы жалпы алғанда әлсіз жүргізілір отырғаны статистикалық деректер</p> |

| | | | |
|----|--|---|--|
| | | <p>мен сұхбаттар нәтижесінде дәлелденіп, оның жалпы білім беру жүйесі, университет және студенттер мен оқытушылар деңгейіндегі проблемалары алғаш рет талданып, топталып отыр.</p> <p>Алғаш рет зерттеу объектісі болып отырган мәселенің шешу жолдары қазақстандық және жапондық мамандардан алынған сұхбат нәтижесінде және диссертация материалдарына сүйене отырып ұсынылған. Сонымен қатар, даму болашағына болжам жасалған. Бұл ізденушінің үлкен талдау жұмысын жүргізгенін және қорытынды ойлардың толығымен жаңа екенін білдіреді.</p> | |
| | <p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p> | <p>Докторлық диссертацияда ғылыми тұрғыдан сарапланған және ғылыми негізге сүйенген практикалық ұсыныстар жасалған, сондықтан ғылыми зерттеу жұмысының нәтижелерін мемлекеттік органдар (ҚР БФМ), жоғары оқу орындары, академиялық ұтқырлыққа жауапты мамандар экономикалық және басқару мәселелерін шешуге қолдана алады. Мысалы, серіктестікті жүзеге асыру барысында туындастын мәселелерді талқылап, шешу жолдарын ұсынатын оқытушы-профессорлардың, мамандардың дөңгелек үстелдерін ұйымдастыру басқарушылық және әкімшілік мәселелерді шешу үшін, ынтымақтастықты практикада жүзеге асыру үшін маңызды.</p> <p>Акпараттандыру мәселесі, онлайн курстар даярлау, жапондық студенттерге арнайы бағдарламалар дайындау, серіктестікке өзге де қазақстандық және жапондық жоғары оқу оорындарын тарту экономикалық мәселелерді шешудің мысалы бола алады.</p> | |
| 6. | Негізгі қорытындылардың негізділігі | <p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қараганда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p> | <p>Зерттеушінің барлық негізгі қорытындылары ғылыми тұрғыдан сенімді дәлелдерге негізделген:</p> <p>1. Халықаралық деңгейде жоғарғы білім беру жүйесінде орнықкан интернационалдану процесінің пайда болуы және оның әлемдік кеңістікті орныгуы осы саланы зерттеген мамандардың пікірлері мен тұжырымдары тарихнама ғылыминың теориялық-методологиялық қағидалары мен принциптеріне жүгіне отырып талдаудың нәтижесінде жасалғандықтан, олардың шынайы түрде негізделгендігін көрсетеді. Сонымен қатар, Қазақстанның жоғары білім беру жүйесінің интернационалдану үдерістерінің бастауына негіз болған реформалар мен атқарылған жұмыстардың нәтижесі ресми құжаттар мен ғылыми ақпараттарға сүйене отырып, анықталып, сарапталғандықтан, ізденушінің жасаған қорытындысы ғылыми тұрғыдан негізделген.</p> <p>2. Жапония мемлекетінде жүзеге асырылған жоғары білім беру жүйесінің интернационалдануының ерекшеліктері ізденушінің жапондық түпнұсқа деректер мен зерттеулерді, ресми құжаттарды, статистикалық деректерді</p> |

| | | |
|----|--|--|
| | | <p>пайдалана отырып, кезендер бойынша жасалған салыстырмалы талдауына, нақты дәлелдемелерге негізделген.</p> <p>3. Қазақстан-Жапония арасындағы білім мен мәдениет саласындағы қарым-қатынастардың қалыптасуы мен даму кезендеріесми құжаттарға, баяндамаларға негізделе отырып сипатталған. Басты проблемалар, жоғары білім беру саласындағы байланыстың әлсіздігі мәселесі осыған дейін жарияланбаған тың деректер мен қазақстандық және жапондық жоғары оку орындарының статистикалық деректерін, бағдарламалар нәтижелері сияқты ауқымды дәлелдемелерр негізінде дәйектелген.</p> <p>4. Қазақстанның жоғары білім беру саласының интернационалдануында алатын үлесінің аздығы сандық деректермен қатар, өзге мемелекеттермен байланыстар негізінде де салыстырмалы түрде талданып, дәлелденген.</p> <p>5. Жапон университеттерімен серіктес болатын қазақстандық университеттердің саны мен алмасу мамандықтарын анықтау мақсатында бірқатар қазақстандық және жапондық жоғары оку орындары зерделенген. Жапонияны оку елі ретінде тандауға тежеу什і себептерді анықтау мақсатында гипотетикалық әдістерді және сапалы әдістерді қолданған шетелдік әдебиеттер көп көлемде қарастырылған.</p> <p>6. Жоғары білім беру саласындағы байланыстардың басты мәселелерін анықтап, олардың шешу жолдарын саралап, екіжақты ынтымақтастықты дамыту үшін ұсыныстар жасау мақсатында сапалы әдіс қолданылып, сарашылармен сұхбат жүргізілген. Барлық қорытындылар мен ұсыныстар осындай терең талдаулар негізінде жасалған.</p> |
| 7. | Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар | <p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия; 2) жок</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия; 2) жок</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар; 2) орташа;</p> <p>1 – қағидат. Қазақстандық жоғары білім беру жүйесінің интернационалдануы көбіне дәстүрлі интернационалдануға жатады. Осы тұста Қазақстан мен Жапонияның жоғары білім беру жүйесін интернационалдау саясатында бірінші кезекте пайда көру емес, керісінше серіктестік байланыстарды ілгерілету, көбейту ниеті байқалады. Жалпы қазақстандық жоғары оку орындары жапондық университеттермен серіктестік арқылы өздерінің халықаралық рейтингтерін арттыруды, бірлескен зерттеулер жүргізуіді және студенттермен алмасуды ілгерілетуді көздейді.</p> <p>7.1 (1) дәлелденді</p> <p>7.2 (2) жок</p> <p>7.3 (1) ия</p> <p>7.4 (3) кен</p> <p>7.5 ия, Rustemova A., Meirmanov S., Okada A., Ashinova Z., Rustem K. The Academic Mobility of Students from Kazakhstan to Japan: Problems and Prospect //Social Science. – 2020. – 9(143). – P. 1-20. (Q1)</p> |

| | | |
|--|---|---|
| | <p>3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> | <p>2 – қагидат. Жапония Қазақстанды қосқанда өзге елдермен жоғары білім беру саласында серіктестікті арттыруда мемлекеттің білім беру жүйесінің интернационалдану үдерісін ілгерілету, бірлескен зерттеу жұмыстарын жүргізумен қатар, жас, білікті мамандарды тарту, адами ресурстармен қамтамасыз ету мақсаттарын көздейді. Бұл түу көрсеткішінің тәмендеп, халықтың қартауына байланысты туындалған адами капиталдың жетіспеуі мәселесімен байланысты. Сонымен қатар, жоғары білім беру саласындағы серіктестік гуманитарлық көмек көрсету, мемлекеттің белгілі бір аймақтағы немесе әлемдегі беделін арттыру мақсаттарында да жүзеге асырылады.</p> <p>7.1 дәлелденді</p> <p>7.2 жоқ</p> <p>7.3 ия</p> <p>7.4 ия, кең</p> <p>7.5 Rustemova A., Meirmanov S., Okada A., Ashinova Z., Rustem K. The Academic Mobility of Students from Kazakhstan to Japan: Problems and Prospect //Social Science. – 2020. – 9(143). – P. 1-20. (Q1)</p> <p>3 – қагидат. Қазақстанның жоғары білім беру жүйесінде ұстанатын саясат, мемлекеттің сыртқы саясатымен тікелей байланысты. Жапония Қазақстанның сыртқы саясатындағы стратегиялық серіктестердің қатарына жатпайды, бұл жоғары білім беру саласындағы байланыстың әлсіздігіне ықпал етеді. Ал, Қазақстанның жоғары білім беру саласында интернационалданудың негізгі легі Ресей, Қытай, Болон үдерісіне қатысуыш елдермен жүзеге асырылуда.</p> <p>7.1 дәлелденді</p> <p>7.2 жоқ</p> <p>7.3 ия</p> <p>7.4 кең</p> <p>7.5 ия, Rustemova A., Meirmanov S., Okada A., Ashinova Z., Rustem K. The Academic Mobility of Students from Kazakhstan to Japan: Problems and Prospect //Social Science. – 2020. – 9(143). – P. 1-20. (Q1)</p> <p>4 – қагидат. Білім саласындағы ынтымақтастық достық қарым-қатынастарды орнатуда және дамытуда маңызды рөл атқаратындығына қарамастан, екі ел арасындағы дүниетанымды қалыптастыруды Қазақстан мен Жапония арасындағы жоғары білім саласындағы серіктестікке қажетті деңгейде көңіл бөлінбей отыр. Сол себепті, Қазақстанның жоғары</p> |
|--|---|---|

білім беру жүйесінің интернационалдануында Жапонияның алатын үлесі ете аз.

7.1 дәлелденді

7.2 жоқ

7.3 ия

7.4 орташа

7.5 ия, Rustemova A. The international educational cooperation of Kazakhstan after independence: Focusing on Japanese higher education policy //The 25th JAISE (Japan Association for International Student Education) Annual Conference materials (Tokyo, September 9, 2020). – Japan, 2020. – P. 3-4. (жапон тілінде)

5 – қағидат. Екі ел арасындағы жоғары білім беру саласындағы серіктестік санаулы университеттердің бастамасы мен жекелеген адамдардың ынтымасы негізінде жүзеге асып отыр. Жалпы, жапон университеттерімен серіктес болатын қазақстандық университеттердің саны аз және алмасу мамандықтары да шектеулі. Жапонияда білім алатын қазақстандық студенттер де азғантай ғана. Мұның себебі Жапонияны оку елі ретінде тандауға тәжеууші себептердің болуымен түсіндіріледі, атап айтқанда: қаржылық шығындар, тұру және жол шығындары, елдер арасындағы географиялық қашықтық, тілдік фактор, т.б.

7.1 дәлелденді

7.2 жоқ

7.3 ия

7.4 орташа

7.5 Rustemova A., Meirmanov S., Okada A., Ashinova Z., Rustem K. The Academic Mobility of Students from Kazakhstan to Japan: Problems and Prospect //Social Science. – 2020. – 9(143). – P. 1-20. (Q1)

6 – қағидат. Укімет деңгейінде жоғары білім саласындағы екіншікінші орталықты дамыту үшін кешенді бағдарламалар қабылданып, жоғары білім беру саласындағы серіктестікті дамытуға негіз болатын нормативтік құжаттарға қол қойылуы қажет. Сонымен қатар, екі ел жайлары және осы елдердегі білім беру мүмкіндіктері туралы ақпараттандыруды қолға алу маңызды.

7.1 дәлелденді

7.2 жоқ

7.3 ия

7.4 кең

| | | | |
|----|---|---|--|
| | | | 7.5 ия, Rustemova A., Meirmanov S., Okada A., Ashinova Z., Rustem K. The Academic Mobility of Students from Kazakhstan to Japan: Problems and Prospect //Social Science. – 2020. – 9(143). – P. 1-20. (Q1) |
| 8. | Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі | <p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) <u>ия</u>; 2) жоқ</p> | <p>7 – қагидат. Екі ел арасындағы жоғары білім беру саласындағы байланыс біржақты, нақты айтқанда қазақстандық студенттердің Жапонияға баруымен, ал Қазақстанға келуші жапондық студенттер мен мамандар санының аздығымен сипатталатындықтан, жапондық студенттерді тарту мақсатында онлайн, қысқа және ұзак мерзімді түрлі курстар дайындалуы маңызды. Курстарды дайындау барысында тілдік ерекшеліктерге, ұйымдастыру мәселелеріне жіті назар аудару қажет.</p> <p>7.1 дәлелденді 7.2 жоқ 7.3 ия 7.4 орташа 7.5 жоқ</p> |
| | | <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) <u>ия</u>; 2) жоқ</p> | <p>Диссертация жұмысының нәтижелері заманауи әдістерді пайдалана отырып алынған. Диссертациялық ғылыми зерттеу жұмысының ізденіс үрдісінде нақты пайымдалған қорытындыларының сенімділігі мен негізділігі ізденешінің теориялық және методологиялық тұжырымдарды дұрыс қолдана білуімен, қолданылған ғылыми әдістерінің дәйектілігімен, зерттеу міндеттеріне сай зерттеу әдістерін дұрыс таңдауымен, салыстырмалы талдаудың құндылығымен және оны жүйелі қорытындылай білуімен негізделген.</p> <p>Талдау мақсатында ресми құжаттар, университеттер мен бөлімдердің есептері, арналы өтініш хат негізінде алынған жаңа статистикалық мәліметтер, жоғары оку орындары арасындағы келісімдер, меморандумдар және жүргізілген жартылай құрылымды сұхбаттардың транскрипциялары негіз болған. Теориялық іріктеу, деректерді құру, кодтау және тұрақты салыстыру сияқты негізделген теорияның құнды әдістері қолданылған.</p> |
| | | <p>8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> | <p>Иә. Теориялық қорытындылар, тұжырымдар және ұсыныстар нақты материалдарға, сарапшылардың пікіріне сүйене отырып дәлелденген және расталған.</p> |

| | | | |
|-----|-------------------------------|--|--|
| | | 2) жок | |
| | | 8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге <u>сілтемелермен расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған | Зерттеушідиссертацияның маңызды түжყымдары ағылшын, жапон, қазақ және орыс тілдерінде жарияланған көкейкестілікими әдістемелік әдебиеттергежасаған сілтемелермен расталған. |
| | | 8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u> /жеткіліксіз | Пайдаланылған әдебиеттертізімі 300-ден астам дереккөзді құрайды. Бұл зерттеу мәселесін айқындау, оны шешу жолдарын нақты талдау үшін жеткілікті. |
| 9 | Практикалық құндылық принципі | 9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <u>иля</u> ; 2) жок | Ия, диссертацияның теориялық маңызы зор. Диссертациялық жұмыстың нәтижелерін жапонтану, шығыстану, халықаралық қатынастарсалаларымен қатар, жоғары білім беру саласының интернационалдануына, Қазақстанның Жапониядан өзге де елдермен жоғары білім беру саласындағы байланыстарын талдауға қатысты зерттеулерге үлес қосатындығы анық. Диссертациялық зерттеудің барысында пайдаланылған теориялық – методологиялық ұстанымдар мен принциптерді келешекте басқа да ғылыми зерттеу жұмыстарында қолдануға болады. |
| | | 9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>иля</u> ; 2) жок | Ия, зерттеу жұмысының нәтижелері мен тұжყымдары жоғары білім беру саласына қатысты мәселелерді реформалау мәселесінде ерекше маңызы бар деп есептейміз. Жұмыстың материалдары мен ғылыми жаңағылтары жоғары оқу орындарындағы оқу үдерісінде, жоғары білім беру саласына қатысты үкіметаралық, университет аралық ресми құжаттарды дайындауда, академиялық ұтқырлықты жүзеге асыру кезінде қолданылуы мүмкін. Жалпы осы зерттеудің кейбір қорытындылары мен ұсыныстары, біздің ойымызша, бірқатар көңілге қонымды іс-шараларды атқарып, көкейкесті мәселерді шешуге өзі суранып тұр. |
| | | 9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады, себебі осыған дейін Қазақстан мен Жапония арасындағы жоғары білім беру саласының тарихы, қазіргі жағдайы, басты мәслелері мен шешу жолдары осыған дейін докторлық диссертация деңгейінде кешенді түрде зерттелмеген. Сол себепті, нақты дәйектер мен сарапшылардың сұхбаттарына негізделген практикалық ұсыныстар өзге ізденушілер таралынан осыған дейін жасалмаған. |
| 10. | Жазу және ресімдеу сапасы | Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; | Диссертациялық жұмысты жазу және рәсімдеу саласы жоғары. Докторлық диссертация сөзсіз ғылыми қызығушылық тудырады, нақты материалдарға бай, теориялық-әдіснамалық тұрғыдан ете сауатты |

| | | | |
|--|--|----------------------------------|--|
| | | 3) орташадан төмен; 4) төмен. | жазылған толық нақты жұмыс болып табылады. |
|--|--|----------------------------------|--|

Ресми рецензенттер пікірлерінде келесі шешімдердің бірін көрсетеді:

- 1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;
- 2) диссертацияны пысықтауга жіберу (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайлардан басқа);
- 3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту

Ресми рецензенттер пікірлерінің көшірмелері докторантқа диссертация қоргауға дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі.

Ресми рецензент:

М.Х. Дулати ат. Тараз өнірлік университеті
Халықаралық ынтымақтастық орталығының
жетекшісі, философия докторы (PhD)



Г.Б. Исабекова